# ЖАҢА 2026 ЖЫЛ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!

Gazet - halyqtyń kózi, qulaǵy hám tili



# Shet shuǵylasy



Shet aýdandyq qoǵamdyq-saıasi gazeti | Gazet 1937 jyldan bastap shyǵady | beısenbi, 25 jeltoqsan 2025 jyl №51-52 (11 196)

## ӨТІП БАРА ЖАТҚАН ЖЫЛ НЕСІМЕН ЕСТЕ ҚАЛАДЫ

Сырт елдерге инвестиция салу бағытында Қытай Халық Республикасы Қазақстанның ең ірі әрі сенімді сауда-экономикалық серіктестерінің бірі. Екі ел басшылары арасындағы келісімдер нәтижесінде сауда-саттық пен инвестициялық байланыстар жылдан-жылға нығайып келеді. Осы мүмкіндіктерді тиімді пайдалану өңірлердің экономикалық әлеуетін арттырудың маңызды тетігі саналады.

Жуырда Қарағанды облысының әкімі Ермағамбет Бөлекпаевтың бастамасымен қала, аудан әкімдері мен кәсіпкерлерден құралған делегация Қытай Халық Республикасына жұмыс сапарымен барып қайтты. Делегация құрамында Шет ауданының әкімі Мұхит Сайлауұлы Мұхтаров та болды.



**Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен қолға алынған "Жайлы мектеп" ұлттық жобасымен ауданымызда жаңадан екі мектептің құрылысы басталған болатын. Соның бірі - Сәкен Сейфуллин атындағы кентінде.**

**Республика күні қарсаңында көпшілік көптен күткен білім ордасы есігін айқара ашты. Кент тұрғындары үшін бұл айтулы мереке болды десек артық айтқанымыз емес.**



300 орынға арналған білім ордасында оқушылардың жан-жақты дамуына және сапалы білім алуына барлық мүмкіндік жасалған.

Сондай-ақ, асхана, кітапхана, акт және спорт залдары, STEM-зертхана, жаратылыстану-математикалық бағыттағы сыныптар, робототехника мен графикалық дизайн кабинеттері, түрлі үйірмелерге арналған арнайы бөлмелері бар.



## Құрметті аудан тұрғындары!

Міне, тағы бір жыл тарих қойнауына еніп барады. Енді бірер күннен соң **Жаңа 2026 жыл** табалдырық аттамақ.

Өтіп бара жатқан жылда ауданымызда ауқымды істер атқарылып, жеткен жетістіктеріміз аз болмады. Әлеуметтік-экономикалық дамудың жаңа белесіне көтеріліп, жоспарланған жұмыстарды жүзеге асыра алдық.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың халыққа арнаған әр жылдардағы Жолдауларында алға қойған мақсатты істерді басшылыққа ала отырып, ауданымыздың елді мекендерінде жаңа әлеуметтік нысандар бой көтерді, тұрғындар жаңа пәтерге қоныстанды, елді мекендерде ішкі көше жолдары асфальтталды, жарықшамдар орнатылды, тағы басқа да ел игілігі үшін көптеген жұмыстар атқарылды.

Осының бәрін саралай келе, өтіп бара жатқан жыл еліміз үшін бейбіт те берекелі, әрқайсымыздың өмірімізде айтарлықтай із қалдырған айшықты жыл болды деп сеніммен айта аламыз.

Бұл қол жеткен табыстарымызға ауданымыздағы кеншілер мен теміржолшылардың, құрылысшылар мен кәсіпкерлердің, мәдениет және әлеуметтік сала қызметкерлерінің, барша аудан тұрғындарының айрықша үлес қосқанын атап өткеніміз абзал.

Баршаңызды, құрметті жерлестер, сол еселі еңбектеріңіз үшін ақ ниетпен алғыс айта отырып, келе жатқан Жаңа жылқы жылымен шын жүректен құттықтаймыз!

Сіздерге және барлық жақындарыңызға зор денсаулық, баянды бақыт, құт-береке тілейміз!

Еліміз аман, жұртымыз тыныш, аспанымыз ашық болсын!

**М.МҰХТАРОВ,**
**аудан әкімі.**

**С.СОЦИАЛ,**
**мәслихат төрағасы.**

### Аудан әкімінің жаңажылдық шыршасы

## БАЛАЛАРҒА МЕРЕКЕЛІК КӨҢІЛ КҮЙ СЫЙЛАДЫ



**Жылдағы дәстүрмен аудан әкімінің "Қош келдің, Жаңа жыл" атты жаңажылдық шырша салтанаты Ақадыр кентіндегі Ю.Гагарин атындағы мектеп-лицейінде өтті.**

**Аудандық білім бөлімі, мектеп әкімшілігі, ұстаздар қауымы, оқушылардың, мерекеге мейлінше тыңғылықты дайындалғандары мерекелік көңіл күйдің мерейін аша түскендей.**

**Биылғы аудан әкімінің шыршасы әлеуметтік қолдауды қажет ететін, оқу-тәрбиеде жетістікке жеткен және ерекше санаттағы балаларға арналды.**

Шырша мерекесіне аудан бойынша 38 мектептен 80 бала қамтылып, оларға арнап қызықты ойын-сауық бағдарламасы ұйымдастырылып, ертегі кейіпкерлері қатысқан қойылымдар көрсетілді. Мерекелік кеш барысында бүлдіршіндер ән айтып, би билеп, түрлі ойындарға белсене қатысты.




Жасыл шырша мерекесінің басты рәсімі саналатын шырша шамын жағу және құттықтау сөз кезегі аудан әкімі М.Мұхтаровқа берілді. Аудан әкімі балаларға зор денсаулық, жарқын болашақ пен оқуда табыс тіледі. Сонымен қатар, әр балаға 20 000 теңге көлемінде сертификат пен жаңа жылдық сыйлықтар табысталды.

Мұнан соң бүлдіршіндердің асыға күтетін кейіпкерлері Ақша қар мен Аяз ата да келіп жетті. Шыршаны шыр айнала билеп, ән айтып бар өнерін ортаға салған бүлдіршіндердің қуанышында шек болмады. Аяз Ата мен Ақшақарды ортаға алған балалар базарлық алуға бар өнерлерін салып бақты. Балалардың бал-бұл жанған жүзделерінен бүгінгі қуаныштың олар үшін ерекше есте қалар күн екенін байқамау мүмкін емес. Олардың қуанышты күлкісінен асқан бақыт бола қоймас, сірә.

Жасыл шырша соңында балалар естелік суретке түсті.

**Өз тілшімізден.**

# ӨТІП БАРА ЖАТҚАН ЖЫЛ НЕСІМЕН ЕСТЕ ҚАЛАДЫ

Ақадыр кентінде «DAULET» сауда орталығы өзінің тұтынушыларына есігін айқара ашып, кент тұрғындары үшін үлкен мерекеге айналды. Соңғы үлгіде салынған сәулетті құрылысты аудан көлемінде ең ірі сауда орны екенін атап өткеніміз жөн. 1 800 шаршы метрді құраған жаңа нысанға 500 миллион теңге инвестиция құйылды. Зәулім ғимараттың иелері Қайранбековтер отбасы.



**Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің халыққа арнаған «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Жолдауында ауыл медицинасын дамытуға, шалғайдағы елді мекендердің тұрғындарын сапалы медициналық көмекпен қамтамасыз етуге бағытталған Ұлттық жоба қолға алынатынын атап өткен болатын. Бұл - ауылдық елді мекендердегі денсаулық сақтау жүйесін одан әрі дамыту үшін қолайлы жоба болмақ.**

Соған сәйкес ауданымыздың бірқатар елді мекендерінде Нұраталды ауылдық округіне қарасты Ақсу ауылында, Кеншоқы, Еркіндік, Еңбекшіл, Красная поляна, Ақшоқы ауылдарында ФАП-тар салынып, пайдалануға берілді. Жалпы 12 нысан пайдалануға берілді.




Ақсу-Аюлы ауылы, Құмжон көшесіне 1,8 шақырым жолына асфальт төсеу жұмыстары толық аяқталып, пайдалануға берілді. Енді бұл ықшамауданға қатынайтын көліктер бұрынғыдай шаңды бұрқыратпай, теп-тегіс асфальт жолмен қатынайтын болады. Бүгінде аталған ықшамаудандағы пайдалануға берілген тұрғын үйлердің ауласын абаттандыру жұмыстары жүргізілуде.



Аудан орталығындағы Мәдениет үйі алаңы күрделі жөндеуден өтіп, пайдалануға берілді.

"Ауыл ел бесігі" бағдарламасы аясында ауданымызға қарасты елді мекендерде абаттандыру, ішкі көшелерге асфальт төсеу сынды айшықты жұмыстар жалғасын тауып, Нұраталды ауылдық округіне қарасты Ақсу ауылының ішкі көшелеріне жалпы ұзындығы 2190 метр жолға толықтай асфальт төселді.

Ауданымызда екі елді мекенде 18 көпқабатты тұрғын үй шатырлары жаңартылды. 92 пәтер сатып алынып, 51 отбасыға пәтер кілті табысталды.



*Аудандық мәслихатта*

# Аудандық мәслихаттың кезекті XXVIII-сессиясы туралы АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР





**Сегізінші шақырылған Шет аудандық мәслихаттың кезекті жиырма сегізінші сессиясы шақырылды.**

**Сессия жұмысын сессия төрағасы Саят Социал ашып, жүргізіп отырды.**

**Сессия жұмысына аудан әкімінің орынбасарлары, кент және ауылдық округ әкімдері, аудандық мекеме басшылары, Қоғамдық кенестің төрағасы мен мүшелері, сонымен қатар, саяси партиялардың құрылымдық бөлімшелерінің ұйымдастырушылары мен қоғамдық ұйымдардың төрағалары шақырылды.**

**Сессия жұмысына аудан әкімі Мұхтаров Мұхит Сайлауұлы және облыстық мәслихаттың депутаты Рысқали Қалиақпарұлы Әбдікеров қатысып отырды.**

Аудандық мәслихаттың кезекті жиырма сегізінші сессиясының қарауына мынандай мәселелер ұсынылды.

1. Шет ауданының 2026-2028 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы;
2. Шет ауданының ауылдық округ және кенттерінің 2026-2028 жылдарға арналған бюджеттерін бекіту туралы;
3. Шет ауданының ауылдық елді мекендерге жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдері аппараттарының мемлекеттік қызметшілеріне көтерме жәрдемақы және тұрғын үй сатып алу немесе салу үшін бюджеттік кредит түрінде әлеуметтік қолдау шараларын 2026 жылы ұсыну туралы;
4. Аудандық мәслихаттың 2025 жылғы 02 сәуірдегі XXII-сессиясының «Шет ауданының әкімдігінің жанындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәселелері жөніндегі аймақтық комиссия құрамын бекіту туралы» №22/202 шешіміне өзгерістер енгізу туралы;
5. Аудандық мәслихаттың 2025 жылғы 02 сәуірдегі XXII-сессиясының «Шет ауданы әкімдігінің жанындағы құқық бұзушылықтың алдын алу жөніндегі ведомствоаралық комиссиясының құрамын бекіту туралы» №22/203 шешіміне өзгерістер енгізу туралы;
6. Аудандық мәслихаттың 2025 жылғы 02 сәуірдегі XXII-сессиясының «Кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі аудандық комиссия құрамын бекіту туралы» №22/204 шешіміне өзгеріс енгізу туралы;
7. Аудандық мәслихаттың 2023 жылғы 17 қаңтардағы XX сессиясының «Аудандық округтік сайлау комиссияларының жаңа құрамын сайлау туралы» №20/210 шешіміне өзгеріс енгізу туралы;
8. Аудандық мәслихаттың 2023 жылғы 25 желтоқсандағы VIII сессиясының «Аудандық учаскелік сайлау комиссияларының жаңа құрамын сайлау туралы» №8/84 шешіміне толықтырулар енгізу туралы;
9. Жер учаскелерін беру және өзге де жер қатынастарын реттеу жөніндегі аудандық жер комиссиясының құрамын бекіту туралы;
10. Аудандық мәслихаттың 2026 жылға арналған жұмыс жоспары туралы;
11. Аудандық мәслихат аппараты ММ-нің 2026 жылға арналған құрылымы мен қаржыландыру жоспары туралы;
12. Аудандық мәслихаттың XXIX-сессиясының күн тәртібі туралы;
13. Аудандық мәслихаттың XXIX-сессиясының редакциялық комиссиясы туралы.

Күн тәртібіндегі бірінші және екінші мәселелер бойынша «2026-2028 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы» және «Шет ауданының ауылдық округ және кенттерінің 2026-2028 жылдарға арналған бюджеттерін бекіту туралы» аудандық экономика және қаржы бөлімінің басшысы М.Жонкина баяндамалар жасады.

2026 жылға арналған Шет аудандық бюджеттің түсімдері 10 983 422 мың теңге сомасында қалыптасқан.

Кірістер - 10 9210516 мың теңге, оның ішінде салықтық емес түсімдер бойынша - 33 780 мың теңге, негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер - 28 126 мың теңге, 2026 жылға арналған бюджеттік шығындар 7860 804 мың теңге құрайды, оның ішінде әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру саласы бойынша - 572 708 мың теңге, мәдениет, спорт, ақпараттық кеңістік, жастар саясаты, кітапханалардың саласы бойынша - 142 832 теңге, бірінші нарықтан үй сатып алуға - 540 000 мың теңге, абаттандыруға - 634 723 мың теңге, жарықтандыруға - 237 659 мың теңге, жолдардың жұмыс істеуін қамтамасыз етуге - 614 419 мың теңге, даму бюджеті -150 255 мың теңге қаржы қарастырылған.

Қаралып отырған мәселелер бойынша депутаттар Б.Баданов, Қ.Отыншин, М.Нөкешов ұсыныс-пікірлерін білдіріп, 2026-2028 жылдарға арналған аудандық бюджет және Шет ауданының ауылдық округ және кенттерінің 2026-2028 жылдарға арналған бюджеттерінің жобаларын қолдайтындықтарын атап өтті.

Депутаттар тарапынан түскен сұрақтарға аудан әкімі М.Мұхтаров мәселелерді шешуге қатысты өзінің көзқарасын білдіріп, түсініктеме жасады.

«Шет ауданының 2026-2028 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы» және «Шет ауданының ауылдық округ және кенттерінің 2026-2028 жылдарға арналған бюджеттерін бекіту туралы» шешімдер қабылданып бекітілді.

Сессияда күн тәртібіне енгізілген басқа да мәселелер қаралып, талқыланып тиісті шешімдер қабылданып бекітілді.

Осымен сегізінші шақырылған жиырма сегізінші сессия өзінің жұмысын аяқтады.

**Шет аудандық мәслихаты.**

# ӨТІП БАРА ЖАТҚАН ЖЫЛ НЕСІМЕН ЕСТЕ ҚАЛАДЫ

Республика күні қарсаңында Мойынты кентінің тұрғындары, әсіресе жастары көптен күткен қуанышқа кенелді. Кентте жабық футбол алаңы салтанатты түрде ашылды.

Айта кетейік, бұл ауыл жастарының сұранысына орай Шет ауданының әкімі М.Мұхтаровтың қолдауымен және “Вару Mining” ЖШС-нің демеушілігімен іске асырылды.



Ортау ауылында “Ауыл құтқарушылары” республикалық бағдарламасы аясында жаңа өрт сөндіру бекетінің салтанатты ашылуы өтті. Ашылу салтанатына Шет ауданының әкімі М.Мұхтаров, Қарағанды облысы Төтенше жағдайлар департаментінің бастығы, азаматтық қорғау полковнигі М.Аманбаев, ауыл тұрғындары мен ардагерлер қатысты.




Ақжал кентінде әлеуметтік инфрақұрылымды дамыту бағытындағы маңызды жобалардың бірі - «Nova Цинк» кәсіпорынның демеушілігімен салынған жаңа балалар спорт және ойын алаңы көпшілікке таныстырылып, ресми түрде пайдалануға берілді.



**«Жұмысшы мамандықтар жылына» байланысты «Адал азамат - Адал еңбек - Адал табыс» қағидатына сәйкес Ақадыр кентіндегі** Ж.Қыздарбеков атындағы көшеде бой көтерген «Таза GO» автокөлік жуу орталығы ашылды. Жеке кәсіпкер «Кәусар АА» (басшысы Г.Есімғалиева) нысанның құрылысына инвестиция ретінде 30 млн.теңге қаражат жұмсаған. Орталықта тұрақты түрде 2 адам жұмыс атқаруда.




Ақадыр кентінен бастап осы көтерме жол бойында орналасқан Қайрақты, Жұмыскер, Қарасаз, Ақсу-Аюлы, Нұраталды, Шопа, Қызылқой бағыты бойынша Қарағанды қаласының «Nomad Bus» ЖШС-і «Yutonq» маркалы автобусы жүре бастады.

Жолаушылар тасымалдайтын комфортабельды автобус Қытай елінің бренды бойынша өзіміздің Қарағанды облысы, Саран қаласының «QazTehna» компаниясында шығарылған. «Yutonq» компаниясы - әлемдегі ең ірі автоөндірушілердің бірі. Қазақстан өз автоөнеркәсібін дамытып, осындай автобустарды жинап жатқаны көңілге қуаныш ұялатады.





Жыл қорытындысы

# АУЫЛДЫҚ ОКРУГТЕ ЖҮЙЕЛІ ЖҰМЫСТАР АТҚАРЫЛДЫ

**Ағымдағы жылы Ақсу-Аюлы ауылдық округінде елді мекендердің санитарлық жағдайын жақсарту, абаттандыру және инфрақұрылымды ретке келтіру бағытында бірқатар жұмыстар атқарылды. Бұл шаралар тұрғындардың күнделікті тұрмысына қажетті мәселелерді шешуге және ауыл аумағында қолайлы орта қалыптастыруға бағытталды.**

«Таза Қазақстан» және «Жасыл Қазақстан» экологиялық акциялары аясында көктем айларынан бастап округ бойынша тазалық жұмыстары тұрақты жүргізілді. Ақсу-Аюлы және Қайрақты ауылдарында елді мекен ішіндегі иесіз аумақтардан 9000 текше метр қоқыс шығарылып, қатты тұрмыстық қалдықтар полигонында 28 000 текше метр қалдық тасымалданып, көму жұмыстары атқарылды.

Ауыл тазалығын қамтамасыз ету мақсатында қоғамдық жұмыскерлер күнделікті жұмыс атқарса, әр аптаның бейсенбі күндері мекемелер мен кәсіпорындардың қатысуымен «Таза бейсенбі» акциялары ұйымдастырылды. Сонымен қатар, жаз мезгілінде «Жасыл ел» жастар еңбек жасағы аясында 14-18 жас аралығындағы 60 жас маусымдық жұмысқа тартылып, көгалдандыру мен санитарлық тазалық жұмыстарына үлес қосты.

Коммуналдық салада да жоспарлы жұмыстар жүзеге асырылды. Қыс мезгілінде ауыл ішіндегі көшелер мен елді мекендерге кіреберіс жолдар қардан тазартылып, жиналған қар сыртқа шығарылды. Көктемгі су тасқынының алдын алу мақсатында 72 су ағар құбыры, жалпы 3,5 шақырымы тазартылды. Қауіп төнуі мүмкін аумақтарға 2600 қап инертті материал төселіп, су тасқыны кезеңі қалыпты деңгейде өткізілді.

Жол инфрақұрылымын жақсарту бағытында Құмжон көшесіне кіреберістегі 1,8 шақырым жолға орташа жөндеу жүргізіліп, асфальт төселді. Сонымен қатар, еріген және жаңбыр суларының өтуі үшін 15 жерде су ағар құбырлары орнатылды. Аталған жұмыстар жоспардан бұрын аяқталып, сапасы Қарағанды облысы «Ұлттық жол активтері сапасы орталығы» республикалық мемлекеттік кәсіпорны тарапынан сараптамадан өткізіліп, оң баға алды. Бұдан бөлек, Ақтөбе ауылына кіреберіс бағыттағы 12 шақырым жолға қосымша материал төселіп, тегістеу жұмыстары жүргізілді. Еңбекшіл ауылының ішкі көше жолына қосымша екі суағар құбыры орнатылып, кіреберіс жолы тегістелді. Сонымен қатар, көктемгі су тасқынын алдын алу бойынша округ аумағында арықтар мен су ағар арналары кеңейтіліп, тазарту, аршу жұмыстары жүргізілді.

Ауыл ішіндегі көшелерде 1200 шаршы метр аумақта жол шұңқырлары жөнделіп, жаяу жүргіншілер өткелдері мен жол таңбалары екі рет жаңартылды. Жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін 77 жол белгісі мен 3 көшедегі жасанды жол кедергілері қайта қалпына келтірілді.

Абаттандыру жұмыстары барысында ауылдағы скверлер мен Сәкен Сейфуллин саябағына 100 дана терек, сондай-ақ, 15 мың дана гүл отырғызылды. Отырғызылған жасыл желектің 97 пайызы өсім алды. Аудан орталығындағы көп қабатты тұрғын үйлердің және Құмжон көшесіндегі үйлердің маңына 10 күл-қоқыс жинайтын алаңдар заман талабына сай жасалып, 50 жаңа қоқыс контейнерлерімен жабдықталды.

М.Жапақов көшесіндегі №16 және Шортанбай жырау көшесіндегі №22 көпқабатты тұрғын үйлердің шатырларына ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілді.

Жарық жүйесінің тұрақты әрі үнемді жұмыс істеуі үшін 9 автоматты электр қалқаны орнатылып, көше шамдары фотореле арқылы таңертең өздігінен сөніп, кешкі уақытта автоматты түрде жанатындай етіп іске қосылды. Сондай-ақ, ауыл ішіндегі істен шыққан 210 көше жарығы жаңартылды.

Жаз айларында Қарағанды-Ақсу-Аюлы ауылы бағытындағы жеке такси жүргізушілердің жол ақысы қымбаттап кетіп, ауыл тұрғындарының қалаға қатынауы қиындық тудырған болатын. Соған байланысты Ақсу-Аюлы ауылдық округінің әкімдігі тарапынан Қарағанды облысының әкімі Е.Бөлекпаевқа және Сенат депутатына арнайы хат жазып, нәтижесінде қыркүйек айынан бастап тұрғындардың қолайлы қозғалысын қамтамасыз ету мақсатында «Қарағанды-Ақсу-Аюлы-Ақадыр» ауданаралық бағыты бойынша жолаушылар автобусы жолға шықты.

Халықты таза ауыз сумен қамтамасыз ету мақсатында құрылыс бөлімінің тарапынан биылғы жылы округке қарасты Еңбекшіл ауылында су құбырының құрылысы басталып, тұрғындарға қосу жұмыстары келесі жылы жалғасын табатын болады. Сонымен қатар, Еңбекшіл ауылында фельдшерлік-акушерлік бекеті ашылды.

Осы уақытқа дейін шешімін таппай келе жатқан Қойкөл аумағындағы жылқылардың жайылым тапшылығы мәселесі биыл толық шешімін тапты. Яғни, Қазғұрт тауының етегінен 1500 гектар жайылым жер бөлініп, ауыл тұрғындары жиналып, жаңа жайылымға көшіру жұмыстарын жүргізді. Бұған қоса, аудандық бюджет есбеінен жылқылардың жайылымдық жерлеріне арнап 60 м терендікте екі су ұңғымасы қазылып, ауыл азаматтары жылқыларға арнап астау орнату жұмыстарын жүргізді.

Биыл кәсіпкерлік саласында бірқатар маңызды өзгерістер мен жетістіктерге қол жеткізілді. Тұрғындар мемлекет тарапынан көрсетіліп отырған қолдауларды тиімді пайдаланып, жаңа бизнес-идеяларын табысты жүзеге асыруда. Соның айғағы ретінде ауыл тұрғыны Берікқызы Салтанат «DaRa» атауымен жаңа кафе ашып, өз кәсібін жүргізіп отыр. Сонымен қатар, «Жалын» атауымен жаңа дүкен жұмысын бастап, халыққа қажетті шаруашылық тауарларын ұсынуда. Бұл бастама ауылдың әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қосып қана қоймай, жергілікті тұрғындарды жұмыспен қамтуға да мүмкіндік беруде. Осы айдың басында «Aюly Auto» автокөлік дүкені өз жұмысын бастады. Мұнда ауыл тұрғындарына автокөлік бөлшектері мен түрлі қызмет түрлері ұсынылады.

Ауылдық округте аудандық мәдени-сауық орталығымен бірлесіп жыл бойы мәдени-көпшілік және спорттық іс-шаралар ұйымдастырылып өткізілді. Іс-шаралар аясында ауыл тұрғындарына, ардагерлерге, көпбалалы аналарға, балалар мен жастарға ерекше көңіл бөлінді.

Жерлес спортшылардың жетістіктері кеңінен насихатталып, жоғары нәтиже көрсеткен жасөспірімдер мен оларды дайындаған жаттықтырушылар марапатталды. Балаларға арналған ойын-сауық бағдарламалары өткізіліп, жергілікті кәсіпкерлердің қолдауымен сый-сияпаттар табысталды.

Сонымен қатар, бұқаралық спортты дамыту мақсатында мекемелер арасында аудандық деңгейде спорттық жарыстар ұйымдастырылып, жеңімпаздар мен жүлдегерлер марапатталды. Қарияларға құрмет көрсетіліп, мерекелік кездесулер өткізілді.

Балалардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру үшін Құмжон және М.Жапақов көшелеріне ойын алаңдары орнатылып, пайдалануға берілді. Көшелердің көркін келтіру мақсатында баннерлер мен тулар жаңартылды.







Сонымен қатар, Құмжон көшесіндегі арендалық тұрғын үйлер аумағында абаттандыру жұмыстары жүргізілуде, аталған жұмыстарды келесі жылы толық аяқтау жоспарланып отыр.

Бұл жұмыстардан бөлек, аудан әкімдігінің қолдауымен, құрылыс бөлімі тарапынан округ орталығында орталықтандырылған кәзір жүйесінің құрылысы қазіргі уақытта 45 пайызға орындалса, Дене шынықтыру-сауықтыру кешенінің құрылысы 23 пайызға орындалып, алдымыздағы жылы жұмыстар толығымен аяқталу жоспарланып отыр.

Тозығы жеткен электр желілері жеке меншіктен коммуналдық меншікке алынып, бір қатар КТП-лар жаңартылды, электр желілерін ауыстыру жұмыстары жүргізілуде. Бұл жұмыстар ауыл тұрғындарының қауіпсіздігі мен электр қуатының сенімділігін арттыруға бағытталған.

Жалпы алғанда, жыл көлемінде атқарылған жұмыстар Ақсу-Аюлы ауылдық округінің санитарлық жағдайын жақсартуға, инфрақұрылымды ретке келтіруге және тұрғындар үшін қолайлы орта қалыптастыруға бағытталды. Көше жолдарының жағдайы, жарықтандыру, көгалдандыру, тұрғын үйлерді күтіп ұстау және қауіпсіздік мәселелері кезең-кезеңімен шешімін тауып келеді.

Алдағы жылы басталған жобалардың жалғасын табуына, абаттандыру мен коммуналдық инфрақұрылымды одан әрі дамытуға басымдық берілетін болады.

**Құрметті ауылдастар!**

Сіздерді келе жатқан Жаңа жыл мерекесімен шын жүректен құттықтаймыз! Жаңа жыл баршаңызға денсаулық, бақыт, тыныштық пен табыс әкелсін. Ауылымыздың тыныс-тіршілігі жемісті, игі істеріміз қарқынды болсын. Жаңа жыл - жаңа үміттер мен жаңа бастамалар жылы болсын!

**Ақсу-Аюлы ауылдық округі әкімі аппараты.**

# ӨТІП БАРА ЖАТҚАН ЖЫЛ НЕСІМЕН ЕСТЕ ҚАЛАДЫ

**Шертпе күйдің Отаны саналатын ауданымызда "Мәңгілік сарын" атты республикалық байқау жоғары деңгейде өтті. Байқауға ұлан байтақ еліміздің солтүстігі мен оңтүстігінен, батысы мен шығысынан, Қытай елінен келген киелі өнердің сыршыл пернесінен сезім иірімін селдете күй қылып төккен өнер тарландары аудан жұртшылығын Арқаның сыршыл да, нәрлі шертпе күймен сусындатты. Ұмыт бола бастаған шертпе күйдің Арқадағы бір мектебі - Қыздарбек Төребайұлының мектебі еді. Бабадан қалған асыл мұраны дәріптеу мақсатында жуырда Шет ауданында Қыздарбек күйшінің 175 жылдығына және алыптардың көзін көрген дәулескер күйші Дәулетбек Сәдуақасұлы атындағы «Мәңгілік сарын» атты республикалық күйшілер байқауы болып өтті. Салтанатты ашылуында аудан әкімі М.Мұхтаров құттықтау сөз сөйледі.**

Шежіреге толы абыз даланың аңыз-тарихын егіз ішектің сарынына салып күй толғаған кешегі Қыздарбек, Сембек, Әбди, Әбікендердің ізін басқан Дәулетбек Сәдуақасұлының атын еншілеген Республикалық күйшілер байқауына төрелік жасаған әділқазылар алқасы да күй өнерінің жілігін шағып, майын ішкен тарландар қазылық етті.




Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, жазушы, ұстазымыз әрі ақылшымыз, рухани қолдаушымыз Өмір ақсақалдың 85 жасқа толған мерейтойын Арқа елі, әрісі Алаш жұрты болып жоғары деңгейде атап өтті. Достық үйінде өткен шараға Мәдениет пен өнердің ордасы Алматыдан, Елордамыз Астанадан, барша Түркі жұртының тал бесігі Түркістаннан, Ұлт ұясы Ұлытаудан келген ақын-жазушылар, Өмкеңді құрметтей келген барша қаламгер бауырлары мен ниеттес ағайынға зал лық толды. Өлең, жырдан шашу шашылды, құттықтау, тілектер қарша борады. Осы кеште Өмкеңе Қазақстан Жазушылар одағының «Қазақстанның Құрметті жазушысы» деген құрметті де мәртебелі атағы мен «Қазақстанның Құрметті журналисі» атағы беріліп, баршамызды қуантты. Алматы қаласындағы "Қазына" баспасынан жарық көрген «Тәбәрік» атты жаңа бір кітабі рухани дүниемізбен толықты.






**Жерлесіміз, Қазақ радиосының сандуғашы атанған Сауық Жақанованың 80 жас мерейтойына орай Сәкен Сейфуллин атындағы Қарағанды облыстық академиялық қазақ драма театрында «Сауық па, Сандуғаш па таңда оятқан...» атты шығармашылық кеші өтті.**

Жерлесімізді құттықтау үшін арнайы барған аудан әкімінің орынбасары Дәурен Кәрсенбаев, аудандық мәдениет, тілдерді дамыту, спорт және денешынықтыру бөлімінің басшысы Асхат Ахметов, аудандық Ардагерлер кеңесінің төрағасы Өмірғали Қызылов, Аналар кеңесінің төрайымы Гүлшара Қамиқызы аудан әкімі М.Мұхтаровтың құттықтау, сәлемін жеткізіп, сый-сияпаттарын жасады. Сондай-ақ, аудандық Ардагерлер кеңесінің төрағасы Ө.Қызылов Сауық апамызға Шет ауданының Құрметті ардагері атағын табыс етті.



Тәуелсіздік - ел тірегі

# ТҰҒЫРЫ БИІК ЕЛМІЗ

Бүгінгі тарихы тереңде жатқан елдің жаңа заманда өз алдына қайта егеменді ел болғанына 34 жыл толып отыр. Тәуелсіздік күні мерекесі әр жылдың 16 желтоқсанында ерекше аталып өтеді.

Ортау ауылында биылғы жылы мереке ерекше көңілді өтті. Мектеп оқушыларының Отанға деген құрметін, сүйіспеншілігін арттыру мақсатында «Тәуелсіздік тұғырым» атты патриоттық әндер байқауы ұйымдастырылды. Мектеп директоры Гареева Аида Георгиевна келген қонақтарға ақ тілегін арнап, қатысушыларға сәттілік тіледі. Мақсатымыз әр қазақ азаматының Отанға деген құрметін, сүйіспеншілігін арттыру және де келген көрермендерге ерекше мерекелік көңіл - күй сыйлау болатын. Өнерпаздарға жүлделі орындарға демеушілік көрсетіліп, ауыл әкімшілігі атынан жеке өнерін көрсеткен Демеу Ақжүрек, Дүйсенбай Ақжүрек, Әлжан Тоты, Болат Кәусәр, Ержанов Дамир, Әбубәкір Әнел, Төлеу Мейірланға сыйлықтар табысталды.




«Жұппен ән айту» айдары бойынша 4 сынып оқушылары А.Кенжалова, А.Төлеу, А.Ғабдолла, 1 сынып оқушылары Ә.Мешітбай, А.Дүйсенбай, 3 сынып оқушылары А.Әлжан, А.Төлеу, Б.Амантай, 2 сынып оқушылары А.Әбубәкір, М.Еркін, Р.Несіпбек, 6 сынып оқушылары А.Ғалы, С.Дүйсенбайлар қатысып, «Әлішер» шаруа қожалығының атынан дайындаған Нұрғазин Нұрбек ағамыздың сыйлықтары үлестіріліп берілді.

Сонымен қатар волейболдан оқушылар, ұстаздар, мектеп жұмыскерлері арасында мерекеге арналған жолдастық кездесу өтті.

Тәубе етер Тәуелсіздігіміз күн тұрғанша тұрсын! Көк байрағымыз тұғырдан түспесін! Бейбіт күнде сарбаздарымыз саптан, ұлдарымыз аттан, қыздарымыз салттан жығылмасын! Билігі - елшіл, елі - мемлекетшіл, шекарасы - шегелі, жері - егелі ел болуды жазсын.

Азаттық үшін күрескен азаматтардың рухына мың тағзым! Ең ұлы мерекеміз - Тәуелсіздік күні құтты болсын!

**Б.ТІЛЕУХАНОВА,**
**Ортау негізгі орта мектебінің информатика пәні мұғалімі.**

# ТӘУЕЛСІЗДІК - ЕҢ АСЫЛ ҚҰНДЫЛЫҒЫМЫЗ

Тәуелсіздік - бабалар аңсауы, ұрпақтың қолы жеткен киелі кезең. Тәуелсіздік-таңбасы таста, қаны қара жердің тамырында жатқан құдіретті сөз. Еліміз тәуелсіздіктің бесігінде тербелгелі 34 жыл. Отыз төрт жыл ішінде Қазақстан етекжеңін жиып, шекарасын бекітіп, өз алдына дербес зайырлы ел болды. Бұл атадан келе жатқан ұлы жеңістің жемісі. 1991 жылы 16 желтоқсанда егемендігін алған еліміздің өз президенті, ұлты мен ұлысы, салты мен дәстүрі, мәдениеті мен экономикасы болды. Желтоқсанның желі мен ызғарына қарсы тұрған жастардың жалынды рухы мен ерліктерінің арқасында шаңырағы биік, керегесі кең мемлекет болып қалыптастық.

Осы айтулы мереке қарсаңында Қызылтау негізгі орта мектебінде жас ұрпақтың бойына еліне, жеріне, ұлтына деген патриоттық сезімін қалыптастыру мақсатында «Тәуелсіздік" тақырыбында іс-шара өткізілді. Іс шарада сөз алған мектеп директоры Алтынгүл



Жолдыбекова барлық ұстаздар мен оқушыларды, ата-аналарды мерейлі мерекемен құттықтап өтті. Бұдан соң мереке ән мен биге жалғасты.

Тәуелсіздік - ең алдымен қазақ халқының бостандыққа ұм-тылған асқақ арманы мен қайсар рухының жемісі. Тәуелсіз елдің тілегі - бейбітшілік, тыныштық, келешегі - білімді ұрпақ. Тәуелсіз-дік күніне орай өткен іс-шара аясында 5-9 сынып білім алушылары Тәуелсіздік жайында өлең жырларын арнады. Мәселен 5-9 сынып оқушылары "Көк тудың желбірегені", "Рухты ел", " Тәуелсіз ел ұраны", "Тәуелсіз қазақтың қызымын" әндерін тамылжыта шырқап, кештің шырайын кіргізді. Мерекелік концертте 6 сынып жетекшісі Түгелбаева Айсұлу Тәуелсіздік жайында көптеген мағлұматтар айтып, білім алушыларды елін, жерін сүюге, отанын қастерлеуге шақырды.

Мерекелік іс шара соңында директордың орынбасары Айгүл Рымқұлқызы белсенділік танытқан барлық оқушыларға алғыс білдіріп, жиналған барша қауымды құттықтап өтті.

**Айгүл САҒЫНБАЕВА,**
**Қызылтау негізгі орта мектебінің тәрбие ісінің меңгерушісі.**
**Ақшоқы ауылы.**

# ӨТІП БАРА ЖАТҚАН ЖЫЛ НЕСІМЕН ЕСТЕ ҚАЛАДЫ

**Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың экологиялық мәдениетті арттыру жөніндегі бастамаларын қолдау және елді мекендерді абаттандыру мақсатында «Таза Қазақстан» акциясы аясында Кеншоқы ауылында жаңа саябақ ашылып, пайдалануға берілді.**

Саябақтың аумағында абаттандыру және көгалдандыру жұмыстары жүргізіліп, арнайы орындар тегістеліп, көгал төселді. Айналасына шырша көшеттері отырғызылып, демалыс аймағы толық жарықтандырылды.

Саябақ заманауи талаптарға сай жабдықталған. Жаңа демалыс орны - ауыл тұрғындарының тынығып, серуендейтін жайлы мекеніне айналатыны сөзсіз.



Еліміздің басты мерекесі - Тәуелсіздік күні қарсаңында Қарағанды қаласында облыс әкімдігі мен «Аманат» партиясының қолдауымен өткен «Тұлпар мініп, Ту алған» атты облыстық жыр байқауының ақтық кезеңінде кентіміздің оқушылары топ жарып, жеңімпаздар атанды.

«Бөгенбай батыр» дастанын жатқа оқуда Ақадыр кентіндегі Ә.Ермеков атындағы тіректі мектебінің оқушысы Әмірханова Раяна бас жүлдені жеңіп алып, 1 млн. теңге және «Қазтұтынуодағы» Қарағанды университетінің білім грантына ие болды. Байқауға дайындаған ұстазы Ерменбетова Толғанай Болатқызы да 1 млн. теңгенің сертификатына және "Халықаралық қазақ тілі қоғамы" тағайындаған жаңа автокөліктің иегері атанды.

Олармен қоса елді мекеніміздегі Ю.Гагарин атындағы мектеп-лицейінің оқушысы Өмірғалиева Жанерке үшінші орынға қол жеткізіп, оның ұстазы Шопанова Жұлдыз Оразалықызы екеуі әрқайсысы 250 мың теңгенің сертификаттарымен марапатталды.



Жыл үздігі - 2025

# ҮЗДІК МАМАН ИЕЛЕРІ МАРАПАТТАЛДЫ

Ақадыр кентінде жыл аяқталар тұста әр салада оза шауып, өз мамандығының хас шеберлерін анықтайтын игі дәстүр қалыптасқан.

Жылына бір рет өткізілетін бұл тақырыптық бас қосудың басты бағыты - елімізге шынайы қызмет етумен қатар, өз мамандығын жете меңгеріп, еселі еңбегімен үлкен жетістіктерге жеткен маман иелерін дәріптеу және мадақтау болып саналады.

Ең алдымен сахнаға шыққан кент әкімі М.Қойшыбаев әкімдік тарапынан жыл бойы жасаған жұмыстарына қысқаша тоқталып, кент тұрғындарын Тәуелсіздік күнімен құттықтады. Соңынан «Үздік маман» иелері атанған номинация иегерлерін марапаттады. Марапатталушылардың ішінде мекеме басшылары да, жекелеген маман иелері де болды.




«Кенттің ардақты ақсақалы» Алпысбаев Серік, «Үздік қоғам белсендісі» Сейітов Нұрлан Ахмедияұлы, «Үздік мекеме және мекеме басшысы» Түсіпова Гүлдәрия Әйкенқызы, «Үздік әлеуметтік қызметкер» Торжанова Гүлім Матышқызы, «Спорт жанашыры» Жанасылов Біржан Сейсенбайұлы, «Кент жанашыры» Есжанова Несіпкүл Тасханқызы, «Қоғамдық шараларға белсене қатысқан теміржол басшысы және ұжымы» Ақадыр жол дистанциясы, «Үздік кәсіпкер» Кемалова Әсел Ерболқызы, «Таза Қазақстан акциясына белсене қатысқан мекеме» Ақадыр белгі беру және байланыс дистанциясы, «Үздік медицина қызметкері» Тәуке Гүлғайым, «Мәдениет саласының жанашыры» Бесимов Нұржан Тұрсынұлы, «Үздік мемлекеттік қызметкер» Есімғалиева Райхан Әленқызы, «Үздік тәртіп сақшысы» Дуанбаев Ернат Берікұлы, «Ұлттық салт-дәстүрді дәріптеуші ұжым» «Балбөбек» бөбекжайы, «Үздік жылу беру саласының қызметкері» болып Шалғамбеков Азамат танылды. Номинация иелеріне арнайы дипломдар, бағалы сыйлықтар табысталды.

Кеш барысында елді мекенімізде бір ай бұрын басталған «Duet live Agadyr» мега жобасы да өз мәресіне жетті. Біраз уақыттан бері елді дүрліктерген өнер додасының жеңімпазы болып Демеу Яхия мен Азаматұлы Абай жеңімпаз атанды. Олар сол күні 3530 дауыс жинады. Бір қызығы, екінші орын-ға табан тіреген дуэт олардан 15 дауыс ғана кем жинаған. Жеңімпаз атанғандар 150 мың теңгенің сертификатына ие болды. Яхия теміржол саласындағы «Транстелеком» мекеме-сінде байланысшы болып еңбек етсе, Абай Ю.Гагарин атындағы мектеп-лицейінде денешынықтыру пәнінен балаларға сабақ береді.

Кеш көркемөнерпаздардың концертімен жалғасын тауып жатты.

**Қ.БЕКҚОЖИН,**
**Ақадыр кенті.**

Пәндер олимпиадасы

# БІЛІМ ДОДАСЫНДА ЖЕҢІМПАЗ ТАНЫЛДЫ

Ауыл мектептерінің 9-11 сынып оқушыларына арналған Республикалық жалпы білім беретін пәндер олимпиадасы - дарынды оқушыларды анықтау, олардың пәндік білімін тереңдету және ауыл мектептері оқушыларының білім сапасын арттыруға бағытталған маңызды білім додасы.

Шет ауданының білім алушылары бұл олимпиадаға үшінші жыл қатарынан қатысып, жоғары нәтижелерге қол жеткізіп келеді.

Бірінші бастапқы (мектепішілік) кезеңіне Шет ауданының білім беру ұйымдарынан 850 білім алушы қатысты.

2025 жылғы қазан айының 9-11 күндері аралығында екінші аудандық кезеңіне 605 білім алушы қатысып, нәтижесінде үшінші (облыстық) кезеңіне іріктеуден өткен 204 оқушы жолдама алды.

2025 жылғы қазан айының 27-29 күндері аралығында республикалық олимпиаданың облыстық кезеңіне Шет ауданы білім беру ұйымдарынан 204 білім алушы қатысып, облыстық жүлделі орын саны - 80, жоғары нәтиже көрсеткендері үшін - 31 грамота. Оның ішінде жаратылыстану-математикалық бағыты пәндерінен 92 қатысушыдан 41-і жүлделі орынға ие болса, жоғары нәтиже көрсеткендері үшін 9 грамота, қоғамдық-гуманитарлық бағыты пәндерінен 103 қатысушының 39-ы жүлделі орын иеленіп, жоғары нәтиже көрсеткендері үшін 22-і грамота алды.




Облыстық кезеңнің қорытындысы бойынша Астана қаласында өткен төртінші республикалық кезеңге 17 білім алушы қатысты. Нәтижесінде 4 білім алушымыз жүлделі орындарға ие болса, екеуі жоғары нәтиже көрсеткендері үшін грамотаға ие болды.

Ал, жаратылыстану-математикалық бағыты пәндерінен - Құрманбай Ислам - I орын, 10-сынып, физика пәні, Ю.Гагарин атындағы МЛ, (жетекшісі Шыныбекова Гүлмира Жанабайқызы), Игілік Ерасыл - III орын, 10-сынып, физика пәні, Ю.Гагарин атындағы МЛ, (жетекшісі Жекебай Аманжол), Нұрмағанбет Мәди - III орын, 11-сынып, физика пәні, Ж.Ақылбаев атындағы МГ, (жетекшісі Сыздыкова Жанна Васильевна), Серікбаева Диана - жоғары көрсеткіш көрсеткені үшін грамота, 10-сынып, Ю.Гагарин атындағы МЛ, математика пәні, (жетекшісі Тоқмади Бибінұр).

Қоғамдық-гуманитарлық бағыты пәндерінен-Смайлова Жансезім - II орын, 10-сынып, құқық негіздері пәні, Ы.Алтынсарин атындағы ТМ, (жетекшісі Бөкейхан Әмірбек); Әсеми Нұрбек - грамота, 10-сынып, Қазақстан тарихы, Ю.Гагарин атындағы МЛ, (жетекшісі Кельдиярова Рахат Ақылбекқызы).



Ауыл мектептерінің 9-11 сынып оқушыларына арналған республикалық жалпы білім беретін пәндер олимпиадасын қорытындылау бойынша 2025 жылы 8 желтоқсан күні Қарағанды облысының білім басқармасы мен «Сарыарқа дарыны» балаларға қосымша білім беру аймақтық ғылыми-практикалық орталығының ұйымдастыруымен ауыл мектептерінің оқушыларына арналған республикалық олимпиаданың облыстық кезең жеңімпаздарын марапаттау рәсімі өтті. Салтанатты жиынға Қарағанды облысы әкімінің орынбасары Әлібек Үсенұлы Әлденей қатысты.

Марапаттау рәсіміне Шет ауданының білім беру ұйымдарынан 80 жеңімпаз оқушы қатысып, арнайы дипломдармен, медальдармен және сыйлықтармен марапатталды.

Жалпы командалық есеп бойынша Шет ауданы "Ең үздік команда" номинациясы бойынша II орынға ие болды.

Сонымен қатар, жоғары нәтиже көрсеткені үшін Ю.Гагарин атындағы мектеп-лицейінің физика пәні мұғалімі Жекебай Аманжол, тарих пәні мұғалімі Кельдиярова Рахат Ақылбекқызы "Ең үздік жетекші" номинациясымен және 500 000 теңгелік ақшалай сертификатымен марапатталса, Республикалық олимпиаданың облыстық кезеңінде үздік нәтиже көрсеткені үшін Шет ауданы білім бөлімінің Ы.Алтынсарин атындағы тірек мектебі "Ең үздік ауыл мектебі" - 2025» номинациясы бойынша II орынға ие болып, 20 миллион теңгелік ақшалай сертификатпен марапатталды.

Бұл жетістіктеріміз - оқушылардың табандылығы мен ұстаздардың қажырлы еңбегінің жемісі.

Алдағы уақытта да ауыл мектептері оқушыларының зияткерлік әлеуетін арттыру, олимпиадалық қозғалысты жүйелі дамыту бағытындағы жұмыстар жалғасын табады.

Шет ауданының намысын қорғап, облыс пен аудан даңқын асқақтатқан білім алушыларға алдағы уақытта жаңа белестерді бағындырып, биік жетістіктерге жетулеріне тілектеспіз!

**Баян ШАГИРОВА,**
**аудандық білім бөлімінің әдіскері.**

## Назар аударыңыз, Конкурс!

**Шет ауданының әкімдігі ойнатылмай қалған жер учаскелеріне 2025 жылдың 23 қаңтарында сағат 10.00-де қайта конкурс өткізеді. Мекен-жайы Қарағанды облысы, Шет ауданы, Ақсу-Аюлы ауылы, Шортанбай жырау көшесі, 24 / Акимат Шетского района проводит повторный конкурс по предоставлению неразыгранных земельных участков, который состоится 23 января 2025 года в 10.00ч. По адресу: Карагандинская область, Шетский район, село Аксу-Аюлы, ул Шортанбай жырау, 24.**

**АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА**

**Шаруа немесе фермер қожалығын немесе ауыл шарушылығы өндірісін жүргізу үшін ауыл шаруа шылығы мақсатындағы жер учаскелерін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру бойынша конкурсқа ұсынылатын жер учаскелері тізімі туралы хабарлама**

**ИНФОРМАЦИОННОЕ СООБЩЕНИЕ**

